



■ Аудан тынысы

КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚОЗҒАЛДЫ



Облыс әкімі Марат Ахметжанов Целиноград ауданының тұрғындарымен кездесті. Аймақ басшысы аудан биылғы жылды айтарлықтай экономикалық өсіммен аяқтап жатқанын атап өтті.

Ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемі 30 пайызға ұлғайып, 73,7 млрд теңгеден асқан, ал саланы мемлекеттік қолдау көлемі шамамен екі есеге артқан. Мал шаруашылығында аудан облыс бойынша сүт өнімдерінің төрттен бірін қамтамасыз етіп, құс етінен екінші орынға ие болды.

«Ауданның ауыл шаруашылығын дамытудағы әлеуеті зор. Дегенмен мемлекеттік қолдауға қарамастан, ауыл шаруашылығы дақылдарының орташа өнімділігі облыс бойынша орташа деңгейден әлі төмен. Ауданда агротехниканы қолдануды күшейту қажет. Сонымен бірге жақсы нәтижелер көрсетіп отырған кәсіпорындар бар, соның қатарына «Bio Nord» және «AGRO BIRLIK-GK» серіктестіктерін жатқызуға болады, – деді Марат Ахметжанов.

Орақ науқаны аяқталғаннан кейін диқандардың басты міндеті - қаржы институттарына несие міндеттемелерін өтеу және келесі егістік маусымына дайындық болып табылады.

Аудан цифрлық технологияларды да тиімді енгізуде: жасанды интеллект элементтері, автоматтандыру және мониторинг жүйелерін «Агрофирма «Родина», «Ен-Дала», «Астана-Өнім», «Агрофирма «Бай-



Жер», «Capital Projects», «Ақмола-Феникс» тәрізді шаруашылықтар кеңінен қолдануда.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар 80,5 млрд теңгені, ал инвестициялық портфельде барлығы 104 млрд теңге көлемінде 25 жоба бар. Астананың маңындағы индустриалды аймақтарды біріктіру жоспарда бар, бұл өз кезегінде инфрақұрылымды жедел тартуға, басқаруды ортақ жүйеге келтіруге және инвестициялық тартымдылықты арттыруға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік инфрақұрылым да дамып келеді: мектептер, жолдар, спорт нысандары, су және электрмен жабдықтау желілері салынууда.

«Жеке электр желілері «АРЭК» компаниясының балансына беріледі. Бұдан былай шекті сөндірістер болмайды, тариф 28 теңге/кВт сағ дейін түсіріледі. Газдандыру жұмыстары келесі жылы да жалғасады», – деді өңір басшысы.

Кездесуде Ы.Алтынсарин ауылының тұрғындары мектеп салу мәселесін көтерді, Қоянды, Мортқы және Жаңаесіл ауылдарының тұрғындары жол құрылысының қажеттігін айтты. Көпшілікті көшеде босып жүретін иттердің жағдайы алаңдататынын жеткізді. Облыс әкімі көтерілген барлық мәселелер тиісті ведомстволар бақылауына алынатынын айтты.

Кездесу азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдаумен аяқталды.

Т. ТІНӘЛІ.

Ақмол.



ГАЗ ЖЕЛІЛЕРІ ҰЛҒАЙЫП КЕЛЕДІ

Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында ауданымызға қарасты Қараөткел ауылының тұрғындары алғаш рет табиғи газға қол жеткізді. Бұл ауыл тұрғындары үшін жай ғана тұрмыстық қолайлылық емес, өмір сүру сапасын арттыруға оң әсер ететін маңызды қадам.

Жоба өңірлік әкімдік, «QazaqGaz» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымы «QazaqGaz Аймақ» АҚ-ның үйлесімді жұмысының нәтижесінде жүзеге асты. Газдандыру қазіргі кезде елорда агломерациясын дамытуға бағытталған ауқымды жобаның бір бөлігі ретінде жүргізілуде.

Компания мәліметінше, газ желілерінің құрылысы өткен жылы басталып, жоспардан бұрын аяқталған. Бастапқыда нысанды пайдалануға беру 2027 жылға жоспарланған еді. Алайда жеделдетілген жұмыс қарқыны мен жеткізуші газ құбырын уақытылы салудың арқасында көгілдір отын биылғы желтоқсан айында-ақ ауылға жеткізілді.

«Қараөткелдің табиғи газға қосылуы – бүкіл аудан үшін маңызды оқиға. Жоба аясында 63 шақырымдық тарату желілері салынып, 15 газ тарату пункті орнатылды. Бұл шамамен 5 мың тұрғынды газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – деді облыс әкімінің бірінші орынбасары Елдос Рамазанов.

Ауыл ішіндегі әртүрлі қысымдағы газ құбырларының жалпы ұзындығы 100 шақырымға жетті. Алғашқы үш іске қосу кешені 4 110 үйді ішінен шамамен 2 460 үйді газбен қамтуға мүмкіндік береді. Заманауи газ тарату пункттері газдың тұрақты әрі қауіпсіз берілуін қамтамасыз етеді, бұл өңірдің климаттық жағдайында аса маңызды.

«Біз жұмысты барынша жеделдеттік, соның арқасында Қараөткел тұрғындарын газбен



жоспарланған мерзімнен бұрын қамтуға қол жеткіздік. Газдандыру – бұл тек жайлылық емес, сонымен бірге тұрғындар үшін елеулі үнем. Дегенмен, қауіпсіздік мәселелері біз үшін әрқашан басты орында», – деді «QazaqGaz Аймақ» АҚ Астана өндірістік филиалының директоры Уәлихан Қымбатов.

Ауыл тұрғындары үшін бұл оқиға көптен күткен әрі тарихи сәт болды.

«Бұрындары қыста пешті тәулік бойы жағып отыруға тура келетін. Қазір тұрмысымыз әлдеқайда жеңілдеді. Ауылымызға газ жеткізуге атсалысқандардың бәріне үлкен рақмет», – деді Қараөткел тұрғыны Рукия Ажарбаевна ризашылық сезіммен.

Осы бір іргелі ауылды газдандыру – Ақмола облысының елді мекендерін табиғи газбен қамтуға бағытталған кешенді бағдарламаның бір бөлігі. Тек биылдың өзінде көгілдір отын Нұрлы, Шұбар, Аққайың, Талапкер, Ыбырай Алтынсарин, Қоянды ауылдарына және Қосшы қаласына берілді. Осы жобалардың арқасында 42 мыңнан астам адам экологиялық әрі заманауи отынға қол жеткізді.

Келесі жылы тағы жеті елді мекенді газ желісіне қосу жоспарланып отыр. Ол ауылдарда шамамен 114 мың адам тұрады. Сонымен қатар тағы сегіз ауылды газдандыру бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде.

Е. ЕРАЛЫ.

Қараөткел.

БАСПАСӨЗ - 2026

Есіл-Нұра

ИНДЕКС - 65821

6 айға - 2495.76

12 айға - 4991,52

■ Президент тапсырмаларын орындау

ӨҢІРДІ БАСҚАРУДЫҢ ЖАҢА ТАЛАПТАРЫ



Ақмола облысында алғаш рет өткен барлық деңгейдегі әкімдердің форумы өңірлердің жұмысын айқындайтын мәселелерді талқылауға арналған ашық алаңға айналды.

Іс-шара ауылдық, аудандық және облыстық жергілікті басқару органдарының буындарын жинап, жеке көрсеткіштерді емес, жергілікті басқарудың жалпы функционалын бағалауға мүмкіндік берді. Өткізілген жыл өңір үшін тек экономикалық өсім кезеңі ғана емес, жергілікті басқару жүйесінің жаңа талаптарға бейімделу қабілетін тексерген уақыт болды.

Өңірде жыл ішінде экономиканың барлық негізгі көрсеткіштері өсті, ауыл шаруашылығы рекордтық нәтижелер көрсетті. Облыста астық пен майлы дақылдардың мол түсімі жиналды, индустриялық жобалар іске қосылуда, қайта өңдеу кенеюде, агросектор цифрландырылып, реновация бағдарламалары жүзеге асуда. «Ауыл аманаты» аясында ауылдарды қолдау жұмыстары жүріп жатыр. Сондықтан форумда осы шешімдердің ауылдар мен аудандық деңгейде қалай жұмыс атқаратындығы талқыланды.

«Есеп берушілікке сүйенуге болмайды, себебі ол адамдардың мәселесін шешпейді. Халықтың әл-ауқатын арттыру – ең маңызды міндет. Ауыл шаруашылығы – біздің стратегиялық ресурсымыз. АӨК саласында терең өңделген өнім өндірісіне бағыт алдық. Облыста ірі цифрлық шешімдер енгізілді: өңірде 49 «ақылды» ферма жұмыс істейді. Үш миллион гектардан астам, яғни өңірдегі барлық ауыл шаруашылығы жерлерінің жартысынан көбі цифрландырылды. Келесі қадам – алдағы жылы облыс ауыл шаруашылығына жасанды интеллект енгізу бойынша көшбасшы болуы тиіс», – деп атап өтті облыс әкімі Марат Ахметжанов.

Форумда ауыл шаруашылығы экономиканың негізгі драйверлерінің бірі ретінде қаралды. Мысал ретінде Ерейментауда жүзеге асырылып жатқан якорлық жоба көрсетілді – бірнеше мың бас қалмақ тұқымды ірі қараға арналған репродуктивтік кешен мен бордақылау алаңы құрылуда. Инвестициялар көлемі миллиардтаған теңгемен есептеледі, 200-ден астам жұмыс орны құрылады.

Сонымен қатар шағын ауылдардағы ұлттық жобалардың орындалуы да талқыланды. Мысал ретінде Зеренді ауданының Айдабол ауылында «Ауыл аманаты» бағдарламасының іске асуы ерекше аталды.

«Біз ауылда СПК құрып, жеке қосалқы шаруашылықтарды етті бағыттағы мал шаруашылығын дамытуға тартудамыз. Қазір екі СПК жұмыс істейді, қосымша үш СПК құрудамыз, бұл 15 жаңа жұмыс орындары ашылады деген сөз. Кәсіпорындардан түсетін салық ауыл қазынасында қалады, табыс артады. Оны жол салу, абаттандыру, инженерлік желілерді жаңғыртуға жұмсауды жоспарлап отырмыз», – деп өз тәжірибесімен бөлісті Айдабол ауылының әкімі Николай Водовозов.

Форумда ең шағын елді мекендердің проблемалары да ұжымдық талқылаудан өтті. Биыл төрт облыстың жиынтық нәтижесіне тең дәнді дақылдар жинаған Жарқайың ауданының аудан және ауыл әкімдеріне несие қаражатын дайындау және қайтару жұмысын күшейту тапсырылды, әйтпесе рекордтық нәтиже бюджет үшін тәуекелге айналады.

Форумда Көкшетау қаласында және төрт ауданда жүзеге асырылып жатқан реновация бағдарламасына жеке назар аударылды. Ескі үйлерді жаңаларымен ауыстыру бойынша жобалар жасалып, қатысушыларға пайдалануға болатын жұмыс істейтін модель ретінде ұсынылды.

Сонымен қатар сын-ескертпелер де айтылмай



қалмады. Бұланды ауданына қазірден бастап су тасқыны кезеңіне дайындалу тапсырылып, жауапты тұлғалардың алдына нақты міндеттер қойылды. Бұл инженерлік инфрақұрылым мен жоспарлауға деген көзқарасты өзгертеді. Бұл үшін өңірде цифрлық шешімдер қолданылуда.

«Цифрландыру және архивтер басқармасы «Қазақтелеком» АҚ-мен бірлесіп, ТКШ, абаттандыру, төтенше жағдайлардың алдын алу, соның ішінде су тасқынын болжау үшін «Біртұтас дрондар инфрақұрылымы» жобасын іске асыруда. Қыста дрондар арқылы жылу шығыны анықталады, рейдтер заңсыз қокыс қалдықтарын табуға көмектеседі. Көкшетауда осындай тәсілмен заңсыз құрылыс жүргізудің екі фактісі анықталды», – деді Digital Aqmola орталығының бас маманы Сауле Сембаева.

Цифрландыру дрондармен шектелмейді. Барлық мектептер интернетке қосылған, байланыс базалық станциялары жаңғыртылды, ауылдарды сымды интернетке қосу бойынша келісімдер жасалды, алыс ауылдар үшін аса маңызды тікелей спутниктік сигналды смартфондарға беру технологиясы пилоттық режимде іске қосылуда.

Форумның жеке тақырыбы – төртінші деңгейдегі бюджеттердің дербестігін арттыру.

«Түсімдерді көбейту және трансферттерге тәуелділікті төмендету – әр округ әкімінің маңызды міндеті. Астрахан, Жалтыр, Балқашин ауылдық округтері, Жолымбет және Бурабай кенттері, Щучинск, Атбасар және Макинск қалаларын өзін-өзі қамтамасыз ете алатын деп есептеуге болады. Олар аудандық бюджетке 908 млн теңгеден астам қаржы аударды», – деді Марат Ахметжанов.

Экономикалық блок индустриялық аймақтар мен инвестициялау мәселелерімен толықты. Аршалы ауданындағы индустриалдық аймақта жүздеген миллиард теңгенің жобалар портфелі қалыптасуда, мыңдаған жұмыс орны ашылуы мүмкін. Көкшетау мен Степногорск қалалары өңдеу, машина жасау және тамақ өнеркәсібіне арналған алаңдарын дамытып жатыр.

Форум панельдік сессиялармен жалғасты, онда әкімдер цифрландыру, бюджет жоспарлаудағы жаңа тәсілдер, АӨК дамуының болашағы, инвестициялар тарту және басқа да мәселелерді кеңінен талқылады.

Е. ЕРАЛЫ.



КЕЛЕШЕКТЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚАРЖЫСЫН ШЕШУГЕ ТОЛЫҚ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

Қорда көрсетілетін қаржының ең төменгі жеткілікті шегі 10 пайыздан астам өсіп, азаматтардың артық ақшаны шешіп алуы одан әрі қиындады.

Мәселен, осыған дейін 30 жастағы қазақстандықтың зейнетақы қорындағы жеткілікті шегі 4,58 млн теңге болатын. Үстінен артылғанын баспана алу секілді игіліктерге жұмсай алатын. Енді 2026 жылдан бастап бұл жеткілікті шек бірден 5,12 млн теңгеге өседі.

Бұл хабарды тұнжырай қабылдағандар көп болды. Айналамызда тер төгіп жүріп, зейнетақы қорындағы ақшасының мөлшерін жеткілікті шектен енді ғана асырып қуанып жүргендердің көңіліне су себілді.

БЗЖК бұл өзгерістің себебін былай түсіндірген: зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге, ең төменгі зейнетақы мөлшеріне, ең төменгі жалақыға, ең төменгі күнкөріс деңгейіне, сонымен қатар инфляция мен инвестициялық кірістілікке сүйене отырып есептеледі.

Бірақ осы көзқарасқа күмән көп. Бір ғана мысал, келер жылғы ең төменгі жалақы мөлшері 85 мың теңге болып бекітілді. Биылғымен салыстырғанда еш өзгеріс жоқ. Сөйте тұра, жеткілікті шекті өсіру жайы түсініксіз. Егер төменгі жалақы көрсеткіші өссе қабылдауға болатын еді. Өйткені ол көрсеткіш өскен жағдайда көптеген мекемелер жалақыны да өсіруге әрекет ететін.

Жалпы алдағы 2-3 жылдың шамасында зейнетақы қорындағы жеткілікті шек деген түсінік мүлде жоғалуы мүмкін. Осыған дейін өңірлердегі қылмыстық схема әшкереленіп, зейнетақы жинағын тіс емдетуге жұмсауға тыйым салынды. Жеткілікті шегі өсірілді. Енді БЗЖК-дағы қаражатты пластикалық операция жасауға да пайдаланылмай-тынын Отбасы банк АҚ хабарлады.

Мамандардың пікірінше, азаматтар жаппай реконструктивті және пластикалық операция жасауға деген себеппен қордан қайта ақша ала бастаған. Яғни, тағы бір қылмыстық схеманың бастауы болуы мүмкін деп қауіптенген.

Осы тұрғыда біз болжамымызды нақтылай түсе аламыз. Келешекте зейнетақы қорындағы қаржыны тек баспана алу мақсатында жұмсау тетігі ғана қалады немесе жеткілікті шек мөлшері мүлде алынып тасталады.

Әрине, халықтың көзқарасын ескерген жөн, десек те экономикалық қыры барын да ұмытпаған абзал. Шынында зейнетақы қорындағы қаржыны шешу тетігі экономикаға қосымша салмақ түсіретінін сарапшылар талай айтты.

Мысалы, ең алғаш 2021 жылы жинақтаушы зейнетақы қорындағы «жеткілікті шектен» асқан соманы халықтың шешіп алуына мүмкіндік берілді. Бірақ қаржыгерлердің көбі бұған қарсы шыққан еді. Неге?

– Көп өтпей, 2022 жылы 20 пайыздық инфляцияға сол зейнетақы қорындағы 3,5 трлн ақшаны салымшылардың пайдаланғаны түрткі болды. Себебі мультипликациялық эффектпен ақша массасы 9 трлн теңгеге көбейіп кеткен. Сол кезде бізде ақша массасы 24 трлн еді, бір жылдың аралықта 33 трлн теңгеге бірден жетті, – дейді экономист Сапарбай Жобаев.

Яғни, шешілген ақша елде ақша массасын көбейтіп, құнсыздануға алып келеді. Оның арғы жағы түсінікті, баспана бағасы, азық-түлік қымбаттап, онсыз да ауыздықталмай тұрған инфляция күшейеді. Қалай алсақ та, алғашқыда әлеуметке дем берген тетіктің зияны да байқалып, кері күшін жоюға бара жатқан секілдіміз.

БЗЖК.

■ Редакция поштасынан

ТӘУЕЛСІЗДІК — ТҰҒЫРЫМ



Тәуелсіздік — халқымыздың жасырлар бойғы асыл арманының орындалуы, тарихи әділеттіліктің салтанат құруы және болашаққа нық қадам басудың берік негізі. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі — тек саяси және экономикалық еркіндік қана емес, сонымен қатар рухани жаңғырудың, ұлттық сананың және азаматтық жауапкершіліктің айқын көрінісі.

Осы құндылықтарды жастардың санасына сіңіру, білімді, белсенді әрі отаншыл ұрпақ тәрбиелеу мақсатында Ақмол ауылының мектеп-гимназиясында «Тәуелсіздік тағылымы: тарих, рух, бірлік» атты аудандық жастар конференциясы өтті. Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған бұл шара жоғары сынып оқушыларын, студенттерді және аудан жастарын біріктіріп, маңызды рухани-ағартушылық әрі пікір алмасу алаңына айналды.

Конференция жастар саясаты мен білім беру саласын үйлестіретін аудандық құрылымдар педагогикалық қауымдастық пен жастар ұйымдарының белсенді қолдауымен ұйымдастырылды. Іс-шараның модераторы — Шамұратова Рысжан Шерниязқызы мазмұнды әрі нәтижелі диалог жүргізсе, жүргізуші — Ирешова Махабат Сансызбайқызы қатысушылар арасында ашықтық пен белсенділік атмосферасын қалыптастырды.

Жиынның негізгі мақсаты — Тәуелсіздіктің маңызын терең ұғындыру, тарихи сананы жаңғырту, ұлттық рух пен қоғамдық бірлікті нығайту.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бірнеше рет атап өткендей, жастар — Жаңа Қазақстанның басты қозғаушы күші. Осыған орай, жас азаматтардың ел дамуына белсенді қатысуы, олардың жауапкершілігі мен патриотизмі — уақыт талабы.

Конференцияның құрметті спикерлері - Асанғазы Оразкүл Асанғазықызы — Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің V шақырылымының депутаты, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері, ұлттық және тілдік құндылықтарды қорғауда танылған мемлекет және қоғам қайраткері;

Рахымбек Даурен Берікбайұлы — республикалық «Ауыл жастары» жастар қанатының төрағасы. Ол өз кезегінде ауыл жастарының әлеуеті, бастамашылдығы мен әлеуметтік белсенділігі мәселелерін

көтерді.

Спикерлер өз баяндамаларында Тәуелсіздіктің құндылықтары, ұлттық мұраттар, патриотизм және жас ұрпақтың жауапкершілігі жөнінде терең ойларымен бөлісті. Әсіресе, білімге ұмтылу, еңбекқорлық, жаһандану талаптарына сай бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру, сонымен қатар ұлттық болмыс пен рухани құндылықтарды сақтау мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Іс-шара ашық диалог форматында өтті. Қатысушылар өздерін толғандырған өзекті сұрақтарын қойып, тәуелсіз Қазақстан жастарының болашағы, патриоттық тәрбиенің заманауи формалары, бірлік пен азаматтық белсенділікті арттыру жолдары туралы пікір алмасты. Мұндай формат жастардың сыни ойлау қабілетін дамытып, саналы азаматтық ұстаным қалыптастыруға ықпал етті.

Конференция аясында ауданның әлеуметтік-экономикалық, мәдени және білім беру салаларының дамуына елеулі үлес қосқан азаматтар мен белсенді жастарды марапаттау рәсімі өтті. Марапаттарды салтанатты түрде аудан әкімінің орынбасары Нұртазин Асқар Айтмұхамбетұлы табыстады.

Сонымен қатар, ауданның үздік оқушыларына «Жас Дарын» номинациясы бойынша дипломдар мен мүсіншелер табыс етілді. Олардың жетістіктері қоғамға қызмет етудің жарқын үлгісі әрі өсіп келе жатқан ұрпаққа маңызды бағдар ретінде ұсынылды.

Қорыта айтқанда, «Тәуелсіздік тағылымы: тарих, рух, бірлік» атты аудандық жастар конференциясы Тәуелсіздікке деген құрметтің, ұлттық рухты нығайтудың және жастар бірлігін арттырудың жарқын көрінісі болды.

Шынайы диалогқа құрылған атмосфера, спикерлердің мазмұнды баяндамалары мен жастардың жоғары белсенділігі жас ұрпақтың Тәуелсіздіктің құндылығын терең түсінетінін және ел болашағы үшін жауапкершілік алуға дайын екенін көрсетті.

Мұндай шаралар жастарды біріктіріп қана қоймай, жаңа бастамаларға жігерлендіріп, өз күшіне деген сенімді арттырып, Қазақстанның болашағы жарқын, саналы әрі берік екеніне нық сенім қалыптастырады.

**Әлия ХАСЕНОВА,
Жастар орталығының маманы.**

Ақмол.

СЕНІМЕН БОЛАШАҚ —
СЕНІМДІ БОЛАШАҚ!

ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРА

Ағымдағы жылдың 11 желтоқсанында аудан орталығы Ақмол ауылының мектеп-гимназиясында «Саналы ата-ана мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында ұстаздар мен ата-аналарға арналған мазмұнды әрі тәрбиелік мәні зор шара өтті.

Аталмыш жиынға «Сенімен Болашақ — сенімді болашақ» республикалық ата-аналар қоғамдық бірлестігінің өңірлерді дамытушы маманы Хызыр Жанарысұлы, бірлестіктің жана-шыры Өмірхан Айнаш және Целиноград ауданы бойынша тәрбие ісі жөніндегі әдіскер Кабыкенова Айткүл Аманжолқызы қатысты.

Кештің алғашқы құттықтау сөзін мектеп директоры Байболатова Майра Қауашқызы алып, келген меймандар мен қатысушыларға жылы лебізін білдірді.

Кездесу барысында ата-аналар мен педагогтар бала тәрбиесіндегі

негізгі құндылықтар, отбасы ішіндегі қарым-қатынастың рөлі, ата-ананың жауапкершілігі және мектеппен тұрақты байланыс орнатудың маңызы туралы жан-жақты талқылады. Қонақтар өз тәжірибелерімен бөлісіп, саналы ата-ана болудың тиімді тәсілдері мен бала психологиясына қатысты өзекті мәселелерді түсіндірді.

Қатысушылар белсенді түрде өзара пікір алмасып, пайдалы ақпарат пен рухани мотивация алды. Мұндай тағылымды іс-шаралар ата-ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне оң ықпал ететіні сөзсіз.

**Жанагүл БАЛГОЖИНА,
«Сенімен болашақ»**

**Республикалық ата-аналар
қоғамдық бірлестігінің
жанашыры.**

Ақмол.



■ Дәрігер кеңесі

ДЕРТТІҢ АЛДЫН АЛУ ТУРАЛЫ

Туберкулез — бұл туберкулездің микробактериялары тудыратын және науқас адамнан сау адамға сөйлегенде, жөтелгенде және түшкіргенде ауа арқылы берілетін инфекциялық ауру.

Туберкулездің алғашқы белгілері:

- 2 аптадан аса жөтелу, кейде қан қақыру;
- шаршау
- арықтау
- тәбеттің болмауы;
- қалтырау және түнде терлеу.
- ұзақ уақыт дене қызуының жоғарылауы.
- кеуде тұсының ауыруы, шаншуы.

Егер сіздің отбасыңызда туберкулезбен ауырған адам болатын болса, мына қажеттіліктерді орындауыңыз шарт. Туберкулезбен ауырған адамның жеке бөлмесі болу, жеке жиһаздары жеңіл түрде тазаланып тұруы және оны заласыздандыру. Егер жеке бөлмені белгілеуге мүмкіндігі болмаған жағдайда, ол үшін бөлме ішінен бөлектеу етіп белгілеу қажет.

Жұқпалы дертпен ауырған адамның тамақ ішкен ыдыстарын бөлек ұстап, бөлек тазалап жуу керек. Кір киімдерін де жеке қапқа салып, отбасының басқа мүшелерінің киімдерінен жеке жуу қажет. Сонымен қатар сыртқа киетін киімдерін де бөлек киім ілгішке ілуге тиіс.

Бөлмежайын тазалағанда міндетті түрде ылғалды шүберекпен сүртіп отыру керек. Күн сайын бөлмесінің едені мен жиһаздарын да таза, ылғалды, залалсыздандыру сұйықтықтарын пайдалана отырып сүрткен жөн. Бөлме жайда міндетті түрде жүйелілік сақталуы тиіс. Зарарсыздандырудың ең жақсы тәсілі кайнату. Атап айтсақ, туберкулезбен ауырған адамдардың ыдыстарын 5-10 минуттай кайнатпаның ішінде ұстау қажет. Сол сияқты науқастың ішкі киімдерін, төсек орнын және сыртқы киімдерін де

жуғанда да аз уақыттай қайнатып жуу керек.

Қайнатпада жууға келмейтін қалған сыртқы киімдерін ыстық үтікпен бастыруға болады. Әр уақытта залалсыздандыруға арналған қоспаларды пайдаланып отырған жөн. Ең негізгі назар аударатын жәйт қақырықты залалсыздандырғанда. Әрбір науқастың екі түкіргіші болуы керек. Біреуі қарапайым, екіншісі залалсыздандырушы. Қалтадағы түкіргішті алдын ала 1/3 залалсыздандырушы түрде дайындап қоюы керек.

Түкіргішті қолданып болған соң күн сайын 2% сода қосындысын қосып металдан жасалған ыдыста 15 минуттай тазартып қайнатады. Қалтаны лас қақырықтан сақтау үшін түкіргішті тез жуылатын қалта қапта ұстаған жөн.

Ағымдық залалсыздандыру туралы негізінде ауырған адамдарға, үлкендерге алдын ала сақтандыру, емдеу мекемелерінде нұсқаулық беріледі. Мүмкіндігінше туберкулезбен ауырған адамның бөлме жайын шаң-тозаңнан қорғау керек. Туберкулез ошағы болған жерде өмір сүріп отырғандар (яғни, қарым-қатынастағылар) емдеу-алдын алу мекемелерінде есепте тұрады және жылына екі рет туберкулезге тексеріледі.

Науқас өзін жұқпаның көзі болмауы үшін әрқашанда сақтану шараларын ұстануы тиіс.

Туберкулезден сақтанудың ең тиімдісі жыл сайын жергілікті жерде орналасқан флюорографиялық тексеруден өтіп тұру.

Туберкулез уақытында емделсе, емдеуге келеді.

**К. БАЙКАСОВА,
аудандық санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
басқармасының бас маманы.**

Ақмол.

Хабарланыру

Ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдаулар Ақмола облысы, Целиноград ауданы, «Қаражар» құрылыс құмы кен орнының №2,3 кен орнының кеңейтілетін II учаскесі үшін жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы бойынша ашық тәсілмен өткізіледі. Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары. Қалдықтарды басқару бағдарламасы. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 26 қаңтар сағат 12.00-де Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қараөткел а.о., Қараөткел ауылы, әкімдік ғимараты, Мұстафа Шоқай к-сі №1 мекенжайы бойынша өткізіледі.

Zoom конференциясына қосылыңыз.
<https://us05web.zoom.us/j/84236791276?pwd=wFQ10TU4QZLNfrYXZ8OObuOIxpT9s3.1>

Конференция идентификаторы: 842 3679 1276, кіру коды: aB4BmC.

Жақын арада қызметтің бастамашысы: «Ақ-Ай» компаниялар тобы «ЖШС».

ҚР, Астана қ., Байқоңыр ауданы, 85 көшесі, ғимарат 2.

Жеделхат: 87010697007, БСН: 060440002645. Электрондық пошта арқылы жіберу: AK-AI2010@MAIL.RU

ЖК әзірлеушісі Сафонова Ю. И.

Деректемеде: ҚР, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 135. жеделхат. 8(7162) 256039.

Электрондық пошта арқылы жіберу: yulya8745@gmail.com жоқ.

Әсер етуі мүмкін аумақ: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қараөткел ауылы.

Географиялық координаттары № 2 кен орны. №1 С.Ш. 51° 10' 01,6" В.Д. 71° 11' 21,7", №2 С.Ш. 51° 10' 01,6" В.Д. 71° 11' 30,2", №3 С.Ш. 51° 09' 42,1" В.Д. 71° 11' 29,8", № 4 С.Ш. 51° 09' 42,1" В.Д. 71° 11' 21,2".

Кен орыны №3. №1 С.Ш. 51° 10' 11,0" В.Д. 71° 11' 59,3", №2 С.Ш. 51° 09' 57,8" В.Д. 71° 12' 45,0", №3 С.Ш. 51° 09' 49,6" В.Д. 71° 12' 38,8", № 4 С.Ш. 51° 09' 48,0" В.Д. 71° 12' 35,8", № 5 С.Ш. 51° 09' 53,6" В.Д. 71° 12' 14,5", № 6 С.Ш. 51° 09' 59,0" В.Д. 71° 12' 19,5".

Жобалық құжаттама пакетімен «Қазақстан Республикасының қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» экологиялық порталында танысуға болады (<https://ndbecology.gov.kz>), сондай-ақ ЖАО-ның ресми Интернет-ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru> «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдаулар туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін мына электрондық мекенжай бойынша сұратуға болады: too.niiri@mail.ru, тел. +77769711793. Ескертулер мен ұсыныстар экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады (<https://ndbecology.gov.kz>), сондай-ақ Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «ММ Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89 мекенжайы бойынша, Тел. +7 (7162) 25-19-86, эл. мекен-жайы: exresco2@mail.ru.

«Целиноград ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ барша жұртшылықты, соның ішінде мүдделі қауымды алдағы уақытта болатын «Ақмола облысы Целиноград ауданы Талапкер ауылында орналасқан аумағы 14 га жердің детальды жоспарлау жобасы»

Тыңдауға ниет білдірген қатысушыларды есепке алу үшін алдын ала 8 (71651) 30-067 теле-

фон номері бойынша «Целиноград ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне хабарласуларыңызды сұраймыз.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылдың 16 қаңтарда сағ. 1100 –де Талапкер а., М. Әуезов көшесі, 23 мекенжайында орналасқан Талапкер ауылының жалпы білім беру мектебі ғимаратында өтеді.

Жоба әзірлеушісі – «PROPILO» ЖШС Жобаның бас инженері – Елюбаев Азат Нұрбекович Тел.: 8 (702) 499-52-13, e-mail: e-azat-e@mail.ru

«РОСТЕК-МЛК» ЖШС Ақмола облысы Целиноград ауданының «Тайтөбе» кен орнының құрылыс құмын өндіруге арналған Тау-кен жұмыстары жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөліміне жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдауларды 2025 жылғы 24 желтоқсан мен 2025 жылғы 30 желтоқсан аралығында, ҚО және ТРЖ ҰДБ сайтында <https://ndbecology.gov.kz/> өткізеді. Барлық ескертулер мен ұсыныстар ҚО <https://ndbecology.gov.kz/> және ТРЖ ҰДБ natur@aqmola.gov.kz сайтында құжаттама жарияланғаннан кейін он жұмыс күні ішінде қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы: «РОСТЕК-МЛК» ЖШС. Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Сүйінбай даңғылы, 495-үй. БСН 130540005807. Директор: Кенжакимова Д.У.

Учаскенің географиялық координаттары: 51° 0'56.28» 71° 8'4.34», 51° 0'56.15» 71° 8'25.69», 51° 0'36.93» 71° 8'4.43», 51° 0'36.88» 71° 8'24.47»

Әсер ету аймағының географиялық координаттары: 51° 0'56.28» 71° 8'4.34».

Әзірлеушілердің деректемелері және байланыс деректері: «ЕСО project of city» ЖШС, Павлодар қаласы, Гагарин к-сі 76/61, тел./факс: 87773177502. БСН: 150640014249. Жария тыңдаулар өткізу кезінде төмендегі мекенжай бойынша көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады: эл.пошта sema-200992@mail.ru және 8(777)3177502 телефоны бойынша.

«PROGRESS-PLYS» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, 2026 жылғы 23 қаңтарда 15 сағ. 00 минутта Степногорск қаласы, Бөгенбай ауылдық округі, Ыбырай Алтынсарин көшесі, 1-ғимарат мекенжайында Ақмола облысының Ақкөл ауданында орналасқан Степногорск кен орнында құрылыс құмын өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жобасына Ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru> сайтының «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдауларды өткізу күніне дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz> қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі.

Өткізілетін қоғамдық тыңдаулардың белсенді сілтемесі <https://us06web.zoom.us/j/9349720393?pwd=bXN0YVkwD0pyQkQxbFdvMnlTa0lmdz09>

Конференция идентификаторы: 934 972 0393. Қолжеткізу коды: 4rtj3.

Қосымша ақпаратты келесі электрондық мекенжайлар мен телефондар арқылы алуға болады: sema-200992@mail.ru және + 77773177502.

Көзделіп отырған қызметтің операторы: «PROGRESS-PLYS» ЖШС

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ, СТЕПНОГОРСҚ ҚАЛАСЫ, 3-ШІ ШАҒЫН АУДАН, 23-ҮЙ, 34-ПӘТЕР. Тел: +77077477178

Жобаны әзірлеуші: «ЕСО project of city» ЖШС, Павлодар қаласы, Гагарин к-сі 76/61, тел: 87773177502. Эл.мекенжай: sema-200992@mail.ru.

Әсер ету аймағы: АҚМОЛА ОБЛЫСЫ, СТЕПНОГОРСҚ ҚАЛАСЫ

Кен орнының географиялық координаттары:

Учаскенің координаттары: 1 Нүкте. СЕ 52. 16. 49.18. ШБ 72. 35. 29.10. 2 Нүкте. СЕ 52. 16. 49.30. ШБ 72. 35. 36.70. 3 Нүкте. СЕ 52. 16. 34.06. ШБ 72. 35. 37.52. 4 Нүкте. СЕ 52. 16. 32.77. ШБ 72. 35. 16.15. 5 Нүкте. СЕ 52. 16. 33.46. ШБ 72. 35. 16.03. 6 Нүкте. СЕ 52. 16. 38.67. ШБ 72. 35. 23.66. 7 Нүкте. СЕ 52. 16. 43.37. ШБ 72. 35. 23.50.

Әсер ету аймағының географиялық координаттары:

1 Нүкте. СЕ 52. 16. 49.18. ШБ 72. 35. 29.10. 2 Нүкте. СЕ 52. 16. 49.30. ШБ 72. 35. 36.70. 3 Нүкте. СЕ 52. 16. 34.06. ШБ 72. 35. 37.52. 4 Нүкте. СЕ 52. 16. 32.77. ШБ 72. 35. 16.15. 5 Нүкте. СЕ 52. 16. 33.46. ШБ 72. 35. 16.03. 6 Нүкте. СЕ 52. 16. 38.67. ШБ 72. 35. 23.66. 7 Нүкте. СЕ 52. 16. 43.37. ШБ 72. 35. 23.50.

«Сапақұрылыс-1» ЖШС Ақмола облысының Целиноград ауданында орналасқан Сапақұрылыс учаскесінде құм-қиыршық тас қоспасын өндіру жөніндегі операцияның салдарын жою жоспарын қарау бойынша жұмыс тобын өткізу туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 23.12.2025 ж.сағат 12:30-да Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қараөткел а. о., Қаражар ауылы, № 70, 1 есеп кварталы (Қаражар ауылының мектеп-лицей ғимараты) мекенжайы бойынша өтеді.

Бастамашы – «Сапақұрылыс-1» ЖШС, БСН 040140008739, Астана қ. Ғабдуллин көшесі, 1-үй, 9-пәтер, тел.: 8 (701) 777 32 34.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші - «АЛАИТ» ЖШС, БСН 100540015046, Көкшетау қ., Васильковский шағынауданы 4Г тел.: 8 (7162) 51 41 41.

Электрондық тасымалдағыштағы жоба материалдарын танысу үшін электрондық пошта арқылы сұратуға болады, мекен-жайы: alait2030@gmail.com.

Мүдделі жұртшылықтың жоба бойынша құжаттамаға ескертпелері және (немесе) ұсыныстары (олар болған жағдайда) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей e-mail-да қабылданады: alait2030@gmail.com. Анықтама телефоны: 8 (7162) 51 41 41, 8 (707) 681 11 96.

«Целиноград ауданының Ақмол ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ 2025 жылғы 08 желтоқсан күні сағат 10: 00 - де Ақмол ауылдық округі әкімдігінің ғимаратында Целиноград ауданының Ақмол ауылында орналасқан Черемушки көшесінің жер үйлер орналасқан бөлігін Жәніс Байғабулұлы Куптенов көшесіне, Элеваторная көшесінің екінші қатарындағы бөлігін улицу Мадьяр Амангельдіұлы Қожанов көшесіне қайта атау сұрақтарына қатысты жергілікті қоғамдастық жиналысы өткені туралы хабарлайды. Жиналыс шешімі: ашық дауыс беру арқылы қабылданған оң шешім Ақмола облысының ономастика комиссиясының қарауына жолдансын.

Esil-Nura**Бас редактор
Ж. С. ТҮГЕЛБАЕВ**

Меншік иесі:
«Перне» ЖШС
(Ақмола облысы
Целиноград
ауданы)

Газет редакцияның компьютерлік цехында теріліп, беттеледі.
«Астана Интер-Трейдинг» ЖШС (Астана қаласы, Жұбанов к-сі, 24/1) баспаханасында басылып шығарылды.
Мерзімдік баспасөз басылым, ақпарат агенттігі және желілік басылымды есепке қою туралы N 16264-Г Күзегіні 2016 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Таралымы – 1000 дана. Тапсырыс-наряд N 246
Индекс 65821. Газет бейсенбі күні шығады. Көлемі 1 баспа табақ.

Редакция әрбір автордың пікірімен келісе бермейді. Келтірілген деректерге, сондай-ақ хабарландырулар мен жарнамаларға - берген кісілер жауапты.



Ақмол ауылы Гагарин көшесі, 2
8(716-51) 30-537

e-mail: vestiakmola@mail.ru

Сайт: vestiakmola.kz

